

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ» ММ

«№69 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №69»
ГУ «ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТӨБЕ»
ГУ «УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

Қазақстан Республикасы, 030001, Ақтөбе облысы,
Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жанаконыс т.а.
Бірлік орамы 397-Б құрылысы
тел/факс: 8-(7132) 73-02-17,73-02-19

Республика Казахстан, 030001, Актюбинская
область,
г. Ақтөбе, район Астана, ж.м. Жанаконыс,
кв. Бирлик, 397-Б строение
тел/факс: 8-(7132) 73-02-17,73-02-19

№172 «31» тамыз 2023 жыл

«2023-2024 оқу жылының басталуы»

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.К. Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кенесінің бірінші пленарлық сессияның ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты, Ақтөбе облысы білімі басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 01.09.2023 жылғы №277 бұйрығын басшылыққа ала отырып 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
2. Білім беру ұйымдарында оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
3. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
4. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;
 - 2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-11(12) -сыныптарында-34 оқу аптасы;
 - 3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул-7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул-10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул-11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан 31 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда қосымша каникул-7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).
5. Сабақ ұзақтығы қамқоршылық кеңесінің келісімімен, педагогикалық кеңес шешімімен Ақтөбе қаласы білім бөлімі эксперттік кеңесінің 2023 жылғы 31 тамыздағы 274 бұйрығына сәйкес (тасымалдау жүргізілетін мектептерде 40 минуттан) 40 минуттан, 1 кластарда қыркүйек айында 35 минуттан бекітілсін.
6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде алынсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Сырашова міндеттелсін.

Мектеп директоры

А. Абжалелова